

**Бір жағынан Қазақстан Республикасы мен екінші жағынан Еуропалық Қоғамдастықтар мен оған мүше мемлекеттердің арасындағы Ынтымақтастық кеңесі мен Ынтымақтастық комитетінің қазақстандық бөліктерін құру туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 20 қыркүйек N 1418 Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.05.29. N 594 қаулысымен. ~P020594

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 26 мамырдағы N 113-1 Z970113\_ Заңымен бекітілген және 1999 жылғы 1 шілдеде күшіне енген, бір жағынан Қазақстан Республикасы мен екінші жағынан Еуропалық Қоғамдастықтар мен оған мүше мемлекеттердің арасындағы Әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімнің 76 және 78-баптарын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мына орталық атқарушы органдардың бірінші басшылары деңгейінде бір жағынан Қазақстан Республикасы мен екінші жағынан Еуропалық Қоғамдастықтар мен оларға мүше мемлекеттердің арасындағы Ынтымақтастық кеңесінің (бұдан әрі - Кеңестің) қазақстандық бөлігі құрылсын:

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі;

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі;

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі;

Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі;

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі;

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі;

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі;

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі;

Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі;

Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі;

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі;

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекені қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі;  
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алулар жөніндегі агенттігі;  
Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі;  
Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі;  
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі агенттігі .

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігі;  
Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі;  
Қазақстан Республикасының Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттігі.  
Қазақстан Республикасының Кеңестің кезекті мәжілісіне баратын қазақстандық делегацияның құрамы мәжілістің күн тәртібі мен қаралатын мәселелерге байланысты жасақталатын болсын.<\*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1999.11.20. N 1758  
қаулысымен. Р 9 9 1 7 5 8

2. Кеңестің қазақстандық бөлігінің тең төрағасы болып Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Александр Сергеевич Павлов бекітілсін.<\*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.11.20. N 1758  
қаулысымен. Р 9 9 1 7 5 8

3. Кеңеске өзінің міндеттерін орындауда жәрдемдесу мақсатында Қазақстан Республикасының жоғарыда көрсетілген орталық атқарушы органдарының өкілдерінен аға лауазым иелері деңгейінде бір жағынан Қазақстан Республикасы мен екінші жағынан Еуропалық Қоғамдастықтар мен оған мүше мемлекеттердің арасындағы Ынтымақтастық комитетінің (бұдан әрі - Комитет) қазақстандық бөлігі құрылсын.

Комитеттің қазақстандық бөлігінің тең төрағасы болып Қазақстан Республикасының Сыртқы істер бірінші вице-Министрі Әділ Құрманжанұлы Ахметов бекітілсін.\*>

Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының басшылары он күндік мерзімде Комитеттің қазақстандық бөлігі мүшелерінің кандидатураларын Кеңестің бекітуіне енгізсін.

Комитеттің кезекті мәжілісіне қазақстандық делегацияның құрамы күн тәртібі мен қаралатын мәселелерге байланысты жасақталсын.

Комитетке олардың мәртебесін өзгерту, тарату немесе жаңа құрылымдар құру құқығымен, кіші комитеттер мен жұмыс топтарын құру өкілеттігі берілсін. Аталған құрылымдар өздерінің әрбір отырыстарынан кейін, оның алдында есеп беретін, Комитеттің басшылығымен жұмыс істейді деп саналады.

Комитеттің қазақстандық бөлігінің тең төрағасына Кеңестің ұсынысы

бойынша екі жақты сипаттағы ағымдағы мәселелерді жедел қарау мақсатында Комитеттің, кіші комитеттер мен жұмыс топтарының кезекті және кезектен тыс отырыстарын шақыруға және өткізуге өкілеттік берілсін.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 1999.11.20. N 1758  
қаулысымен. P 9 9 1 7 5 8

4. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі орталық атқарушы органдардың Еуропалық Қоғамдастықтармен және оларға мүше мемлекеттермен өзара іс-қимылын үйлестіруді қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне Қазақстан Республикасының ғылыми-зерттеу мекемелерінің және өзге ұйымдарының мамандары мен сарапшыларын белгіленген тәртіппен тарту, сондай-ақ Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарынан екі жақты қарым-қатынас мәселелеріне қатысты қажетті ақпараттар мен өзге де материалдарды сұрау және алу құқығы берілсін.

Кеңес пен Комитеттің тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі екі жақты ынтымақтастықтың практикалық мәселелерін пысықтау жөніндегі Хатшылық құра алады.

5. Кеңес пен Комитеттің қазақстандық бөліктерінің қызметтеріне бақылау жасау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

6. "Шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссиялардың жұмысын жандандыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 19 наурыздағы N 231 P980231\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1998 ж., N 8, 56-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулыға қосымшада:

- 1) "Қазақстан Республикасы - Ораз Әлиұлы Жандосов - Қазақстан Еуропалық Одақ" бірлескен Республикасы Премьер-Министрінің комитеті" орынбасары - Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі"

деген жолдағы "Қазақстан Республикасы - Еуропалық Одақ бірлескен комитеті" деген сөздер "Қазақстан Республикасы - Еуропалық Одақ" ынтымақтастық кеңесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

- 2) Қазақстан Республикасының Сыртқы істер бірінші вице-Министрі - "Қазақстан Республикасы - Еуропалық Одақ" ынтымақтастық комитетінің қазақстандық бөлігінің тең төрағасы Ерлан Әбілфайызұлы Ыдырысов шет елдермен ынтымақтастық жөніндегі бірлескен үкіметаралық комиссияның

қазақстандық бөлігі тең төрағаларының құрамына енгізілсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК